



Жуырда Жетісай қаласы әкімінің кубогы үшін аудандық ішкі саясат бөлімі «Жастар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен Жетісай қаласы күні мерекесіне орай «Туылған күнімен Жетісай!» атты қала әкімінің кубогы үшін жайдарман ойыны болып өтті. Жастардың бойындағы мәдениеттілікті, рухани адамгершілікті дамыту, онерге білімге деген шығармашылық ізденістерін шындау, жастардың танымдық қызығушылығын шығармашылық қабілетін сахна мәдениетін өзін-өзі тану қабілетін қалыптастыру, жастар арасында қазақ тілінің дамуына және жандануына үлес қосу, талантты жастарға қолдау қорсету мақсатында қаламыздағы мәдениет үйінде өткен ойынға қала мектептері мен арнаулы орта оқу орындарынан 11 команда қатысып өнер қорсетті. Бүгінгі таңда еліміздің жастары үшін маңызға ие болған жайдарман ойының тамашалауға қорермендер көп жиналды. Намысты қолдан бермеуге тырысқан әр команда ұтымды әзіл, тапқыр сөзбен сайысты қызықты өткізе білді. Әділ қазылар алқасының құрамында аудандық «Жастар орталығы» КММ – нін директоры М.Бейсенбаев, Мақтарал ауданы ҚВН филиалының директоры С.Кенжебаев, білім бөлімінің әдіскері Р.Алтынбекова, Жетісай қаласы әкімі аппаратының бас маманы Ә.Спанов, мәдениет үйінің қызметкері А.Орынбасаров енген төрешілер ойынды әділ бағалады. Әділқазылардың шешімі бойынша ІІІ – орынды еркін құрама «Айхай - шу» және Жәніс мектеп - гимназиясының «Жәніс қырандары» командасы өзара бөлісті. ІІ – орын М.Горький мектеп-гимназиясының «Нағыз джентельмен» командасына бөйырды. Ал І – орынды Мақтарал агробизнес колледжінің «Атәкентө құрамасы иемденді. Әкімнің кубогын – бас жүлдені «Жанықұл» медициналық колледжінің «Абзал жандар» командасы жәніп алды. Жәнімпаз командаларға арнайы дайындалған дипломдар мен кубоктар табысталды. Озінің даралығымен, актерлік шеберлігімен қозге түскен «Онлайн» командасының ойыншысы Есен Бердібек «Үздік ойыншы» аталымымен марапатталды.

Г.Сұлтанова

Мақтарал ауданының Жастар орталығы